

**ҚР ҰБ Ақша-кредит саясаты департаментінің директоры  
Жандос Шаймардановтың 2021 жылғы III тоқсандағы  
экономиканың нақты секторы кәсіпорындарына жүргізілген  
пікіртерім (салалық конъюктуралық шолу) нәтижесі бойынша  
түсіндірмесі**

Нақты сектор кәсіпорындарына жүргізілген пікіртерімнің қорытындысы шикізат пен материалдар және дайын өнім бағасының өсу қарқынының баяулағанын көрсетеді.

2021 жылғы 3-тоқсанда барлық қарастырылып отырған салаларда (өндіруші, өңдеуші, құрылыс, сауда, ауыл шаруашылығы, көлік) **шикізат пен материалдар және дайын өнім бағасының өсу қарқынының баяулауы** байқалды.

Ауыл шаруашылығында, құрылыс пен көлікте **өндірістік қуаттарды жүктеу деңгейі** көтерілді. Барынша жоғары деңгей тау-кен өндіру саласында (61,1%), төмен деңгей – құрылыста (51,4%) сақталып отыр.

Респонденттердің жауаптарына сәйкес, іс жүзінде барлық салаларда **бәсекелестік маңыздылығының** жоғары деңгейі бұрынғысынша сақталып отыр. Кәсіпорындардың 42,4%-ы өз бизнесіне әсерін сезінетін сауда кәсіпорындары нарықтық бәсекелестіктің әсеріне ұшырауға барынша бейім болып келеді. Ең аз үлес ауыл шаруашылығы мен тау-кен өнеркәсібінде байқалды (тиісінше 19,0% және 14,6%).

2021 жылғы 3-тоқсанда сауалнамаларда пандемияның кәсіпорындар қызметіне әсері туралы бір реттік сұрақ енгізілді. Пікіртерім көрсеткендей, **пандемия салдарынан** барлық салалар, көбінесе – құрылыс, ауыл шаруашылығы – аздап зардап шекті.

Пікіртерімге барлығы 2,6 мыңнан астам өндіруші және өңдеу өнеркәсібі, құрылыс, сауда, ауыл шаруашылығы, көлік және қоймалау кәсіпорындары қатысты.